



Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі
«Қазгидромет» Республикалық
Мемлекеттік кәсіпорны

АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ:
ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ АУА
ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН
МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ
2023 МАМЫР АЙЫНА

Астана 2023

КІРІСПЕ

Өңірлік климатты зерттеу және оның өзгеруінің тұрақты мониторингі.

«Қазгидромет» РМК Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. «Қазгидромет» РМК Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және атмосфералық жауын-шашынның айлық мөлшерінің ауытқуларын бағалау келтірілген ай сайынғы бюллетеньдерді шығаруды жүзеге асырады.

Бюллетеньді дайындау үшін «Қазгидромет» РМК метеорологиялық мониторинг желісіндегі бақылау деректері: 1941 жылдан бергі кезеңде ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық сомасының қатары пайдаланылады.

Жер бетіндегі ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық сомаларының аномалиялары нормаға қатысты – ағымдағы климаттың аномалиясы дәрежесін мониторингілеу үшін базалық ретінде Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым ұсынған 1991-2020 жыл кезеңіне есептелген орташа көпжылдық мәндерге қатысты анықталды. Ауа температурасының ауытқулары байқалған мәннің нормадан ауытқуы ретінде есептеледі. Жауын-шашын мөлшерінің ауытқулары норманың пайызында, яғни түскен жауын-шашын мөлшерінің норманың тиісті мәніне пайыздық қатынасы ретінде ұсынылады.


Климаттық экстремумдарды сипаттау үшін карталар келтіріледі, онда әрбір станция үшін 1941 жылдан бастап ағымдағы жылға дейінгі кезеңде қаралатын айнымалы уақыт қатарындағы ағымдағы мәннен аспаудың эмпирикалық ықтималдығының ауқымы көрсетіледі (аспаудың эмпирикалық ықтималдығы – бұл ағымдағы мәннен кіші немесе оған тең уақытша қатар мәндерінің үлесі). Егер айнымалының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы шекті диапазондарға түссе (0-5% немесе 95-100 %), онда бұл мән 1941 жылдан бастап 5% жағдайдан көп емес болған. Егер ауа температурасының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы 0-5% диапазонда болса, бұл осы жерде байқалған өте төмен температураны көрсетеді, егер 95-100% диапазонда болса, онда, керісінше, өте жоғары температура. Егер жауын – шашын мөлшерін қарастыратын болсақ, онда бірінші жағдайда бұл олардың өте аз мөлшерін, екіншісінде-жауын-шашынның тым көп мөлшерін көрсетеді.

Шығарылымға жауапты: Г. Актаева, FЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері


Г. Турумова, FЗО КЗБ жетекші инженері

ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Мамыр айында ауа температурасының оң ауытқулары елдің батыс, солтүстік, орталық және оңтүстік аймақтарында байқалды (1-сурет). Батыс облыстарда нормадан 2 °C жоғары температура байқалды. Оң ауытқулары бар мәндердің көпшілігі 75-95 % аспау ықтималдығымен жылы градацияға енді (2- сурет). Жамбыл облысының басым бөлігінде және Қарағанды, Павлодар облыстарының кейбір өңірлерінде, сондай-ақ батыстың кейбір өңірлерінде, атап айтқанда Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында, температура нормаға жақын болды. Ең үлкен оң аномалия (2,8 °C) Атырау облысындағы Құлсары және Сағыз метеостанцияларында байқалды. Елдің солтүстік-шығысында, шығысында, оңтүстік-шығысында және орталық бөлігінің кейбір аудандарында теріс ауытқулар байқалды. Осы аудандарда орналасқан 11 МС суық градацияға 5-25 % аспайтын ықтималдықпен кірді. Нормадан төмен температура елдің шығыс бөлігінде 2 °C төмен болды. Ең үлкен теріс аномалия (минус 2,4 °C) Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл қорығы МС-да байқалды.




1 – сурет. 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген 2023 жылғы мамырдағы орташа айлық ауа температурасының (°C) ауытқуларының кеңістіктік таралуы




2 – сурет. 1941-2022 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген 2023 жылғы мамырдағы ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

2023 жылғы мамырда жауған жауын-шашын мөлшері Қазақстан аумағында біркелкі таралмады (3-сурет). Норманың 80 %-дан аз мәндері елдің көптеген бөліктерінде, кей жерлерде норманың тіпті 20-30 % аз болуы байқалды: Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Жетісу және Шығыс Қазақстан облыстарының барлық аумағында, Ақмола, Павлодар және Абай облыстарының бүкіл аумағында және Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарының шекара маңы аймағында, Қызылорда облысының шығыс бөлігінде, Түркістан облысының оңтүстігінде, Жамбыл облыстарының, Қарағанды облысының батысы мен шығысында. 27 МС деректері бойынша елдің солтүстігі, солтүстік-шығысында және оңтүстіктің кей жерлерінде жауын-шашын нормадан едәуір төмен (норманың 10 % аз) түсіп, 0-5 % және ылғалдандыру жағдайлары өте құрғақ деп сипатталды (4-сурет). Жетісай МС (Түркістан облысы) және Шалдай МС (Павлодар облысы) мамыр айында жауын-шашын түспеді. Норманың 120 % асатын жауын-шашын мөлшері елдің әр түкпірінде, көбінесе батыс аймақтарда байқалды. Нормадан екі есе асатын жауын-шашын мәндері Түркістан, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында байқалды. Жауын-шашынның ең көп мөлшері Мыңжылқы МС түсіп, мөлшері – 141,4 мм, бұл норманың 103 % құрады.



3 – сурет. 2023 жылғы мамырдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің кеңістіктік таралуы(1991-2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша)



4-сурет. 2023 жылғы мамырдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы. Ықтималдықтар 1941-2022 жылдар кезеңіне сәйкес есептелген